

Қазақстан Республикасы Президентінің "2000 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2000 жылғы 17 маусымдағы N 406 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 шілде N 1067

Қазақстан Республикасы Президентінің "2000 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2000 жылғы 17 маусымдағы N 406 U000406_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері квота және осы мақсатқа республикалық бюджетте көзделген ақшалай қаражат шегінде өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылық көмегінсіз орала алмайтын ұлты қазақ адамдардың ұйымдасқан түрде оралуын, сондай-ақ оларды қабылдауды және орналасқан жерлерінде жайғастыруды жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

1) дипломатиялық арналар бойынша репатрианттардың (оралмандардың) шығуы мен транзиттік жүріп өтуі және шығатын мемлекеттердің шекаралары арқылы өтуі кезінде оларға жәрдем көрсету мәселелері бойынша тиісті мемлекеттердің үкіметтеріне өтініш жасасын;

2) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен тарихи отанына оралуға ниет білдірген отандастардың азаматтық және мүліктік құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді пысықтасын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір айлық мерзім ішінде репатрианттарды (оралмандарды) жинақы орналастыру үшін аудандардың, елді мекендердің тізбесін Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) шет мемлекеттерден келетін репатрианттарды (оралмандарды) шекаралық бақылауды жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда уақытша бақылау өткізу пункттерін ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі репатрианттардың (оралмандардың) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүру жолдарында және орналасатын жерлерінде жеке басының және мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп Қазақстан

Республикасының Үкіметіне 2001 жылға 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулының орындалуы туралы ақпаратты табыс етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.